Конкурстық құжаттамаға
15-қосымша

**Құрылыс-монтаждау жұмыстарымен байланысты емес сатып алынатын жұмыстардың**
**техникалық ерекшелігі**
**(тапсырыс беруші толтырады)**

| | |
|---|---|
| **Тапсырыс берушінің атауы:** | "Қарағанды облысы Абай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі |
| **Ұйымдастырушының атауы:** | "Абай ауданының экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі |
| **Конкурстың №:** | № 17932458-1 |
| **Конкурстың атауы:** | Абай қаласы және Вольный, Қызыл, Новый Караган бөлімшелері бойынша автомобиль жолдарын күтіп ұстау бойынша жұмыстар |
| **Лоттың нөмірі:** | № 88563055-ОК1 |
| **Лоттың атауы** | Автомобиль жолдарын ұстау бойынша жұмыстар |
| **Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы:** | 421120.200.000000 |
| **Жұмыстың атауы:** | Автомобиль жолдарын ұстау бойынша жұмыстар |
| **Өлшем бірлігі:** | Жұмыс |
| **Саны (көлемі):** | 1 |
| **Қосылған құн салығын есептемегенде бірлік бағасы:** | 350277587 |
| **Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алуға бөлінген жалпы сома:** | 350277587 |
| **Авиациялық техниканы сатып алуды қоспағанда, тауар жаңа, пайдаланылмаған, шығарылған жылы шарт жасалған күнге дейін (үш жылға дейін) ерте болмауға тиіс:** | |
| **Жұмыстарды орындау мерзімі** | 2026жыл қарашадан бастап - 2028 жыл желтоқсанға дейін |

| | |
|---|---|
| **Аванстық төлем мөлшері:** | 0 |
| **Кепілдік мерзімі (айлармен)** | 6 |

| | |
|---|---|
| **Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы** | Қажетті сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы: 1. Қызметтің атауы Қарағанды облысы Абай қаласының теңгеріміндегі автомобиль жолдарын (көшелерді, тұйық көшелерді), оның ішінде Абай қаласының, Вольный, Кзыл, Новый Караган және Северный Караган елді мекендерінің жолдарын күтіпұстау. 2. Нормативтік-құқықтық база Жұмыстар төмендегі құжаттарға сәйкес орындалады: Қарағанды облысының 2017 жылғы 7 қарашадағы № 70/03 қаулысы; ҚР СТ 1912-2009; ҚР ГОСТ 5-597-93; ҚР ЕР 218-29-2016; ҚР ЕР 218-11-97; Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы нормативтік құжаттары. 3. Қызмет көрсету орны Қарағанды облысы, Абай қаласы, оның ішінде: Абай қаласы; Вольный бөлімшесі; Кзыл бөлімшесі; Новый Караган бөлімшесі; Северный Караган бөлімшесі. Автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы — 64,5 км. Күтіп-ұсталатын аумақтың құрамына мыналар кіреді: жүріс бөлігі (барлық қозғалыс жолақтары); жол жиектері, техникалық тротуарлар (жол жиегінен 3–5 метр қашықтықтағы аумақты күтіп-ұстау); бөлгіш жолақтар; аялдама, кірме және автотұрақ қалталары; аула аумақтарына кіреберістер; автомобиль жолдарының бойындағы су бұру құрылыстары; автомобиль жолдарының бойында орналасқан жол қозғалысын ұйымдастыру элементтері. 4. Жұмыстарды орындау режимі Автомобиль жолдарын күтіп-ұстау жұмыстары екі ауысымдық режимде орындалады: I ауысым — күндізгі; II ауысым — кешкі/түнгі. Ауысымдардың ұзақтығын мердігер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын сақтай отырып белгілейді. Қолайсыз ауа райы жағдайларында (қар жаууы, көктайғақ, нөсер жауын, су тасқыны) мердігер техниканың және персоналдың кезекшілігін қоса алғанда, күшейтілген жұмыс режимін қамтамасыз етуге міндетті. Ауысымдар арасындағы үзілістер жолдардың пайдалану жағдайының және жол қозғалысы қауіпсіздігінің нашарлауына әкеп соқпауы тиіс. 5. Орындалатын жұмыстардың түрлері мен құрамы 5.1. Қысқы күтіп-ұстау (Екі ауысымдық режимде орындалады) Жүріс бөлігін және жол жиектерін қар мен мұз қатпарларынан тазарту; Жүріс бөлігіндегі қар тығыздалып тапталған қабатты және мұз қатпарларын қопсыту; Жаңа жауған қарды жүріс бөлігінен және жол жиектерінен шнекті-роторлы қар тазалағышпен, соқалы қар тазалағышпен, механикалық щеткамен және әмбебап жол машиналарымен тазарту; Жол жиектері мен жүріс бөлігін тығыздалған қардан автогрейдермен тазарту, оның ішінде қар жалдарын қалыптастыру және жою; Механикаландырылған тазалаудан кейін жол жиегіндегі бордюр маңын қолмен түпкілікті тазарту; Механизмдер жете алмайтын учаскелерді борпылдақ қардан қолмен тазарту, қарды басқа жаққа лақтыру немесе көлікке тиеу; Қар үйінділерін көлік құралдарына қолмен және механикаландырылған тәсілмен тиеу, қарды келісілген орындарға шығару; Құм-тұз қоспасын дайындау, қоспаны тиеу және көктайғаққа қарсы материалдарды механикаландырылған тәсілмен тарату; Қысқы тайғақтықты және қауіпті учаскелерді анықтау мақсатында автомобиль жолдарын патрульдеу; Техникалық тротуарларды қардан тазарту және сыпыру; Аялдама павильондарындағы, |

| | |
|---|---|
| | скверлердегі,аллеялардағы және тротуарлардағы қоқыс жәшіктерін тазалау; Көшелер мен жолдар желісіндегі қысқы тайғақтықты жою; Жүріс бөлігіндегі көлік іздерінен пайда болған ойықтарды, мұзды және жол жиегіндегі мұз қатпарларын кесіп алу, жүріс бөлігін кеңейту; Автобус аялдамаларын тазалау және күтіп-ұстау; Аула аумақтарына кіреберістер мен шығаберістерді тазалау; Автотұрақ қалталарын тазалау және күтіп-ұстау; Қоғамдық көлік аялдамаларынан, жерүсті жаяу жүргіншілер өткелдерінен және халық көп жиналатын орындардан қарды бірінші кезекте (таңдамалы түрде) шығару; Көктайғаққа қарсы материалдармен өңдеу; Қарды тиеу және шығару; Қар жауған және боран болған кезде техниканың тәулік бойы кезекшілігін қамтамасыз ету; Су тасқыны кезеңіне су бұру жүйелерін дайындау, нөсерлік көріз арықтарын тазарту; Бірінші кезектегі жұмыстарды қар жаууы аяқталғаннан кейін 48 сағатқа дейінгі мерзімде орындау; Көлік құралдары тұрақты қозғалып жатқан жүріс бөлігінде жұмыстар жүргізілген кезде жұмыс орнын қоршау және уақытша жол белгілерін орнату; Жекелеген учаскелерде көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жол жиектері мен бермаларды материал төсеу арқылы немесе материал қоспай толықтыру, кесу және тегістеу; Жолдарды лайдан, мұздан, қардан, қоқыстан және бөгде заттардан механикаландырылған және/немесе қолмен тазарту; Жүріс бөлігінен және жол жиектерінен бөгде заттарды жинау. Ескерту. Орындалатын жұмыстардың құрамы: 1. Бірінші кезектегі операцияларға мыналар жатады: күту кезеңі; жаңа жауған қарды алдын ала ысыру және сыпыру; жолдың жүріс бөлігін көктайғаққа қарсы материалдармен (ККМ) өңдеу; белгіленген аралықты сақтау; ККМ араласқан қарды ысыру және сыпыру; кейін шығару үшін қар жалдарын қалыптастыру; қиылыстарда, қалалық қоғамдық көлік аялдамаларында, әкімшілік және қоғамдық ғимараттарға кіреберістерде, ауладан шығаберістерде және басқа да орындарда қар жалдарында үзілістер жасау. 2. Екінші кезектегі операцияларға мыналар жатады: қарды жою (сыртқа шығару); қар шығарылғаннан кейін бордюр маңындағы аумақты тазарту; мұзды шағу және қар-мұз түзілімдерін механикаландырылған тәсілмен жою. 3. Үшінші кезектегі операцияларға мыналар жатады: қарды көдеге жарату. Жүріс бөлігін тазалау кезінде мыналарға жол берілмейді: орамішілік жолдардан, тротуарлардан, аула аумақтарынан, кәсіпорындар мен ұйымдардың аумақтарынан, құрылыс алаңдарынан және сауда объектілерінен тазартылған қарды магистральдардың, көшелер мен өтпе жолдардың жүріс бөлігіне шығару немесе жылжыту; ластанған немесе тұз араласқан қарды, сондай-ақ шағылған мұзды гүлзарларға, бұталарға және ағаштарға лақтыруға немесе жылжытуға. Күту кезеңі: Қар жауу қарқындылығы сағатына 1–3 мм және одан жоғары болған кезде қар жауа бастағаннан кейін 15–20 минут өткен соң сыпыруға және көктайғаққа қарсы материалдарды себуге кіріседі. Қар әлсіз жауып, қарқындылығы сағатына 0,5–1 мм болған кезде сыпыруға және көктайғаққа қарсы материалдарды себуге 30–45 минуттан кейін кіріседі. Қар тазалағыштардың жұмысы көлік қозғалысы |

| | |
|---|---|
| | барынша қарқынды көшелерден және көктайғаққа қарсы материалдар бірінші кезекте себілетін учаскелерден басталады. Күн сайын сағат 08:00-ге дейін Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың көлемі және техниканың жұмысқа шығуы туралы жиынтық ақпарат ұсынылуы тиіс. 5.2. Көктемгіжазғы-күзгі күтіп-ұстау (Қажет болған жағдайда екі ауысымдық режимде орындалады) Жүріс бөлігін лайдан, шаңнан, құрғақ қоқыстан және топырақ-құм шөгінділерінен аралас үлгідегі, су себетін-жуатын, сыпыратын-вакуумдық машиналармен және автогрейдерлермен механикаландырылған тәсілмен тазарту; Тротуарларды, техникалық тротуарларды, брусчатка төселген аумақтарды, қосымша кіреберістерді, автотұрақ және аялдама қалталарын қолмен және механикаландырылған тәсілмен тазарту; алдын ала тазартылған брусчатка бетін жуу; Аялдама павильондарын, қабырғалары мен конструкцияларын тазалау және жуу, қоқыс жәшіктерін тазалау, аялдама павильондарын, металл қоршауларды және жол инфрақұрылымының өзге де элементтерін бояу; Жүріс бөлігінен, жол жиектерінен, орман жолақтарынан және іргелес аумақтардан тұрмыстық, ірі көлемді және құрылыс қоқыстарын, бұтақтарды және өзге де қалдықтарды жинау, тиеу және шығару; Жол жиектері мен еңістердегі шөптерді роторлы шөпшапқышпен, триммерлермен және қолмен шабу; конустар мен еңістерді өсімдіктерден тазарту; Жол жиектерін жөндеу мақсатында тегістеу және профильдеу, материал қосу арқылы немесе материал қоспай жол жиектері мен бермаларды кесу және тегістеу; Жол қозғалысын ұйымдастырудың жобада белгіленген талаптарына сәйкес шағылыстырғыш элементтері бар бояумен, суық пластикпен және термопластикпен көлденең жол таңбаларын салу, оның ішінде жаяу жүргіншілер өткелдерін белгілеу және таңбалау машинасының жұмысын сүйемелдеу; Асфальтбетон жабынындағы жарықтарды жіктерді құюға арналған қол құрылғысымен бітеу; бекітілген көлемдер болған жағдайда шұңқырлы (авариялық) жөндеу жүргізу және жабын жиектерін тегістеу; Су бұру арықтарын, науаларды және су өткізу құбырларын лайдан, қоқыстан, тұнбадан және жиналған топырақтан тазарту, оның ішінде қолмен тазалау және алынған материалды шығару; Арнайы техника қолдану арқылы диаметрі 250 мм-ден 400 мм-ге дейінгі нөсерлік су қабылдағыштардың құбырларын тазалау және шаю; Ағаштар мен бұталарды қырқу және ұшарбастарын қалыптастыру, құраған және апатты бұтақтарды алып тастау, өсімдік қалдықтарын жинау және шығару; ағаштарды тамыр топырағымен бірге көтеру және тиеу; Жолдарды патрульдеу, жол бойындағы қызмет көрсету объектілерін тексеру, анықталған ластанулар мен ақауларды жедел жою; Жолдарды шаң мен қоқыстан сыпыру, жуу және тазалау, қисық сызықты металл қоршау арқалығын жуу; Науалар мен су бұру құрылыстарын тазалау; Шұңқырлы (авариялық) жөндеу жүргізу: жолдағы ойықтарды, шұңқырларды, жарықтарды және шөгулерді жою, жол учаскелерінің жабын жиектерін тегістеу; Жол бойындағы өсімдіктерді шабу; Көше-жол желісін санитариялық күтіп-ұстау; Жол жиектерін профильдеу; Перилалы қоршауларды бояу және жөндеу; Бордюрлерді әктеу; Топырақ жолдарды профильдеу; Қоқыс |

| | |
|---|---|
| | пен бөгде заттарды жинау, тиеу және шығару; Көшелердің жүріс бөлігін сыпыру және жол науаларын топырақ-құм шөгінділерінен тазарту; Жүріс бөлігінің бойындағы шөпті шабу және шабылған шөпті жинау; Көлік құралдарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету үшін жол жиектері мен бермаларды материал қосу арқылы немесе материал қоспай кесу және тегістеу; Көктемгі және күзгі кезеңдерде жол таңбаларын салу жұмыстарын жүргізу. Ескерту: орталық көшелер мен жаяу жүргіншілер өткелдеріне пластик материалмен таңба салу; Жол бойындағы қызмет көрсету объектілерін (аялдама павильондарын) жөндеу, бояу және әктеу, тік және көлденең жол таңбаларын салу; Жол бойындағы және жол қызметі объектілерінің (автобус аялдамалары, аялдама павильондары) жай-күйін мерзімді тексеру, оларды шаңнан, кірден және қоқыстан тазарту, қоқыс жәшіктерін жуу және дезинфекциялау; Жол белгілерінің, бағдаршамдардың және жол қозғалысын ұйымдастырудың өзге де техникалық құралдарының көрінуін және қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында автомобиль жолдарының бөлінген жолағында және осы құралдар орнатылған орындарда орналасқан ағаштар мен бұталарды қырқу және ұшарбастарын қалыптастыру. Аталған жұмыстар мыналарды қамтиды: Жол белгілерінің, көрсеткіштердің және сигналдардың көрінуін жауып тұрған немесе ішінара бөгеп тұрған ағаштар мен бұталардың бұтақтарын кесу; Жасыл желектердің ұшарбастарын жол белгілерінің көріну шегінде қалыптастыру; Жол инфрақұрылымы аймағындағы қураған, зақымдалған және апатты бұтақтарды алып тастау; Пайда болған өсімдік қалдықтарын жинау, тиеу және белгіленген орындарға шығару; Жапырақтар мен қоқыстарды жинау; Көшелерді механикаландырылған тәсілмен сыпыру; Су бұру жүйелерін қысқы кезеңге дайындау, нөсерлік көріз арықтарын тазарту; Тайғақтықтың алдын алу; Көктайғаққа қарсы материалдарды дайындау және қоймаға жинау; Техниканы қысқы кезеңге дайындау. Ескерту. Жұмыстардың құрамына жүріс бөлігінен әртүрлі заттар мен қоқыстарды, оның ішінде ағаш бұтақтарын қолмен жинау; аялдама павильондары мен оған іргелес аумақты шаңнан тазарту; аялдама павильондарының қабырғаларын, төбесін, әйнектерін және басқа да бөліктерін жуғыш құралдарды қолдана отырып ылғалды тазалау; кір мен құрғақ қоқысты қолмен жинау; қоқыс жәшіктерін қолмен тазарту; аялдама павильондарын, орындықтарды және қоқыс жәшіктерін бояу; техникалық тротуарларды шаңнан, қоқыстан және кірден қолмен тазарту; бордюр тастарының жанындағы жүріс бөлігін жиналған топырақтан қолмен тазарту; су өткізу құбырларын өсімдіктерден және жиналған тұнбадан тазарту, алынған топырақты қолмен шығару; шөп шабу; қоршаулар мен қисық сызықты металл арқалықтарды жуу және бояу кіреді. Жазғы тазалау кезінде мынадай жұмыстар орындалуы тиіс: Көшелердің жүріс бөліктерін шаңнан, құрғақ қоқыстан және кірден тазарту; Қосымша кіреберістерді шаңнан, құрғақ қоқыстан және кірден тазарту; Автотұрақтарды шаңнан, құрғақ қоқыстан және кірден тазарту; Аялдама қалталарын шаңнан, құрғақ қоқыстан және кірден тазарту; Көшелердің жүріс бөлігін арнайы ерітінділермен |

| | |
|---|---|
| | өңдеу; Магистральдардың, көшелер мен өтпе жолдардың жол жабындарын, оның ішінде осьтік және резервтік жолақтарын алдын ала ылғалдандыру арқылы сыпыру. Қисық сызықты металл арқалықтар мен қоршаулар жуылады. Алаңдардың, магистральдардың, көшелер мен өтпе жолдардың жүріс бөлігін жуу түнгі уақытта (сағат 23:00-ден 07:00-ге дейін), ал қажет болған жағдайда күндіз де жүргізіледі. Жүріс бөлігін жуу кезінде су ағынымен сыпырынды мен қоқысты тротуарларға, көгалдарға, аялдамалардың отырғызу алаңдарына, қалалық қоғамдық көлік аялдамаларының павильондарына, жақын орналасқан ғимараттардың қасбеттеріне, сауда объектілеріне және басқа да аумақтарға шығаруға жол берілмейді. Жүріс бөлігі барлық ластану түрлерінен толық тазартылып, жуылуы тиіс. Жол таңбаларымен белгіленген осьтік және резервтік жолақтар құмнан және әртүрлі ұсақ қоқыстардан үнемі тазартылып тұруы қажет. Жолдың шеті мен бордюр маңындағы аумақтар, сондай-ақ қоғамдық көлік аялдамаларының отырғызу алаңдары топырақ-құм шөгінділерінен, түрлі қоқыстардан толық тазартылып, жуылуы тиіс. Жұмыстарды орындау тәртібін Тапсырыс беруші қалыптасқан жағдайға қарай үйлестіреді. Күн сайын сағат 08:00-ге дейін Тапсырыс берушіге орындалған жұмыстардың көлемі және техниканың жұмысқа шығуы туралы жиынтық ақпарат ұсынылуы тиіс. 6. Техниканы пайдалану Төменде техниканың функционалдық мақсаты және ол қолданылатын жұмыстардың сипаттамасы келтірілген. Техниканың саны материалдық-техникалық ресурстар тізіліміне сәйкес көрсетіледі. Техниканың нақты жұмысқа шығуы, жұмыстардың кезектілігі мен орындалатын учаскелер Тапсырыс беруші тарапынан жолдардың нақты жай-күйін, ауа райы жағдайларын және жедел ахуалды ескере отырып айқындалады. Қар жалдары мен жиналған қарды механикаландырылған тәсілмен тиеу. Жүріс бөлігінен, жол жиектерінен, аялдама және автотұрақ қалталарынан, қиылыстардан және көше-жол желісінің басқа да учаскелерінен қарды самосвалдардың шанағына тиеу. Қоғамдық көлік пен жаяу жүргіншілердің қозғалыс қауіпсіздігіне әсер ететін орындарда қарды тиеуге басымдық беріледі. Қарды, топырақты, сыпырындыны, бұтақтарды және басқа да қоқыстарды шығару. Жолдарды күтіп-ұстау кезінде жиналған қалдықтарды шығару. Тапсырыс берушінің тапсырмасында көзделген жағдайда жол жиектері мен бермаларды толықтыру және тегістеу үшін қажетті сусымалы материалдарды жеткізу және тасымалдау. Қар мен қалдықтар тек келісілген немесе белгіленген орындарға шығарылады. Қар басқан учаскелер мен қар жалдарын механикаландырылған тәсілмен тазарту. Қар массасын едәуір қашықтыққа лақтыру арқылы тазарту. Қарды шығару қиын немесе тиімсіз болған жағдайда, шалғайдағы автомобиль жолдары мен іргелес аумақтардағы қарды жол жиектерінен алып тастау және жүріс бөлігін босату үшін қолданылады. Қарды, топырақ-құм шөгінділерін, сыпырынды мен қоқысты тиеу. Бордюр маңындағы аумақтарды, жол жиектерін, алаңдар мен қалталарды тазарту; көктайғаққа қарсы және инертті материалдарды сақтау және пайдалану орындарында жылжыту. Маневр жасауға қолайлылық пен салыстырмалы түрде аз көлемдегі |

| | |
|---|---|
| | материалдармен жұмыс істеу талап етілетін учаскелерде қолданылады. Топырақ жолдарды, жол жиектері мен бермаларды профильдеу. Кедірбұдырларды және қар-мұз түзілімдерін кесу, суды бұру үшін көлденең профиль мен еңістерді қалыптастыру, пайдалану барысында бұзылған учаскелерді жоспарлау және тегістеу. Шөптер мен арамшөптерді механикаландырылған тәсілмен шабу. Автомобиль жолдарының бойындағы, жол жиектеріндегі және ірі габаритті техниканы қолдануға болатын басқа да қызмет көрсетілетін учаскелердегі өсімдіктерді шабу. Шабылғаннан кейін жүріс бөлігінен, тротуарлардан және су бұру құрылыстарынан өсімдіктерді жинау және алып тастау қамтамасыз етіледі. Жүріс бөлігін көктайғаққа қарсы материалдармен механикаландырылған тәсілмен өңдеу. Мұз қату, қар жауу және басқа да қолайсыз ауа райы жағдайларында материалдарды белгіленген ен бойынша біркелкі тарату. Қозғалыс қарқынды учаскелерге, өрлерге, еңістерге, қиылыстарға, аялдамаларға және басқа да қауіпті орындарға басымдық беріледі. Қардың, топырақтың, инертті материалдар мен сыпырындының үлкен көлемдерін тиеу және жылжыту. Жолдарды маусымдық күтіп-ұстау, қар жалдарын тазарту, жол жиектері мен бермаларды тегістеу кезінде орындалады. Қарды самосвалдардың шанағына үздіксіз механикаландырылған тәсілмен тиеу. Қалыптастырылған қар жалдарынан, соның ішінде көшелерден, аялдама және автотұрақ қалталарынан, қиылыстар мен өтпе жолдардан қарды тиеу. Конвейерлік тиеу техниканың өнімділігін арттыру және оның жүріс бөлігінде болу уақытын қысқарту үшін қолданылады. Жүріс бөлігін, жол жиектерін, техникалық тротуарларды, кіреберістерді, аялдама және автотұрақ қалталарын жаңа жауған қардан, қар ботқасынан, мұздан және ластанудан тазарту. Қарды ысыру және жылжыту үшін қайырма, ал жабынды сыпыру және тазалау үшін щеткалы жабдық қолданылады. Жұмыстар учаскенің ені мен көлік қозғалысының қауіпсіздігі ескеріле отырып орындалады. Жол жабындары мен алаңдарды механикаландырылған тәсілмен сыпыру. Шаңды, құмды және ұсақ қоқыстарды, оның ішінде қысқы күтіпұстаудан кейін жинау. Қажет болған жағдайда шаңның көтерілуін азайту және сыпырындының тротуарларға, көгалдарға және аялдама алаңдарына түсуіне жол бермеу үшін жабын алдын ала ылғалдандырылады. Суық пластикпен бойлық көлденең жол таңбаларын салу. Тапсырыс беруші айқындаған учаскелерде, оның ішінде орталық көшелерде және қалың қабатты таңба салу көзделген басқа да учаскелерде орындалады. Жұмыстар беткі қабатты дайындауды, жобада белгіленген ен мен қалыңдықтағы сызықтарды салуды және технологиялық талаптарға сәйкес жарық шағылыстырғыш шыны түйіршіктерін себуді қамтиды. Бояумен көлденең жол таңбаларын салу және қалпына келтіру. Тапсырыс беруші айқындаған учаскелерде дара және қос сызықтарды салу. Жұмыстар беткі қабатты дайындауды және тазартуды, бояу мен жарық шағылыстырғыш шыны түйіршіктерін жағуды, сызықтардың айқын әрі біркелкі болуын қамтамасыз етуді және қауіпсіз қозғалыс қамтамасыз етілгенге дейін жұмыс орнын қоршауды қамтиды. Жүріс бөлігін, магистральдарды, көшелерді, алаңдарды, осьтік |

| | |
|---|---|
| | және резервтік жолақтарды механикаландырылған тәсілмен тазарту. Құмды, топырақ шөгінділерін, шаң мен қоқысты жинау және жабынды бір мезгілде ылғалдандыру. Тиісті жабдық болған жағдайда жол жабыны мен бордюр маңындағы учаскелер жуылады. Сыпырынды мен лас суды тротуарларға, көгалдарға, аялдама алаңдарына және ғимараттардың қасбеттеріне шығаруға жол берілмейді. Жол жиектеріндегі, еңістердегі, жол белгілерінің, қоршаулардың, аялдама павильондарының және су бұру құрылыстарының айналасындағы шөптер мен арамшөптерді қолмен-механикаландырылған тәсілмен шабу. Тракторлық шөпшапқышты қолдану мүмкін емес жерлерде орындалады. Шабылған шөп жиналып, қызмет көрсетілетін аумақтан шығарылады. Өздігінен тиеу механизмімен бұтақтарды, ірі көлемді қоқыстарды, өсімдік қалдықтарын және басқа да заттарды жинау, тиеу және шығару. Көшелерден, тротуарлардан, аулаішілік өтпе жолдардан және кәдімгі тиегішті пайдалану қиын болатын тар учаскелерден қалдықтарды шығару үшін қолданылады. Техникалық тротуарларды, жаяу жүргіншілер аймақтарын, тар өтпе жолдар мен плитка төселген учаскелерді тазарту. Машина өту жолының габариттерін ескере отырып, тротуар плиткаларын, бордюрлерді және абаттандырудың басқа да элементтерін зақымдамай құмды, шаңды және ұсақ қоқыстарды жинау үшін қолданылады. Көктайғаққа қарсы материалдарды тротуарларға, жаяу жүргіншілер жолдарына және басқа да учаскелерге механикаландырылған тәсілмен тарату. Қоқысты, қарды, бұтақтарды және топырақтың шағын көлемдерін шығару. Орамішілік көшелерден, тар өтпе жолдардан және жету қиын орындардан қалдықтарды шығару. Қала шетіндегі және қызмет көрсетілетін бөлімшелердегі қар басқан учаскелерді тазарту және қарды жылжыту. Оның ішінде қар қарқынды жауған кезде орындалады. Жол инфрақұрылымы элементтеріне қызмет көрсету бойынша биіктікте орындалатын жұмыстар. Жол белгілері мен көрсеткіштерін жөндеу және ауыстыру, жабдықтарды тазалау және күтіп-ұстау, белгілер мен сигналдардың көрінуін жауып тұрған ағаш бұтақтарын кесу, тар және жұмыс істеу жағдайы шектеулі учаскелерде, аулаішілік өтпе жолдарда қураған және апатты бұтақтарды алып тастау. Жолдарды кешенді маусымдық күтіп-ұстау. Қыста көктайғаққа қарсы материалдарды тарату, ал жылы кезеңде тиісті жабдық болған жағдайда және Тапсырыс берушінің тапсырмасы бойынша жол жабындарын ылғалдандыру және жуу. Топырақ пен қар массаларын жоспарлау және жылжыту. Тарту күші жоғары техника қажет болатын учаскелерде, оның ішінде қала шетіндегі аумақтар мен бөлімшелерде орындалады. Жол жиектерін, бермаларды және топырақ учаскелерін қалыптастыру мен тегістеу, сондай-ақ учаске жағдайлары мүмкіндік берген және жол жабынын зақымдамайтын жағдайда тығыздалған қар-мұз түзілімдерін қопсыту үшін қолданылады. Су бұру науаларын, арықтарды, нөсерлік көрізді және су өткізу құбырларын тазалау және шаю. Шөгінділерді, бітелулерді және ластануларды арнайы жабдықтарды қолдану арқылы жою. Су қабылдау құдықтарынан, нөсерлік құрылыстардан және көшежол желісін күтіп-ұстау шеңберінде қызмет көрсетілетін басқа да су бұру |

| | |
|---|---|
| | элементтерінен лайды, сұйық ластануларды және тұнбаларды алып тастау. Жұмысшыларды, қол құралдарын, мүкәммалды, жеке қорғаныш құралдарын және шағын көлемді жабдықтарды жұмыс орындарына тасымалдау. Аялдамаларды, техникалық тротуарларды, жаяу жүргіншілер өткелдерін, бордюр маңындағы аумақтарды қолмен тазарту, қоқыс жинау және жергілікті ластануларды жою бойынша жедел бригадаларды ұйымдастыру үшін пайдаланылады. Көше-жол желісінің жай-күйін жедел тексеру. Қар басқан учаскелерді, көктайғақты, ластануларды, зақымдануларды және араласуды қажет ететін басқа да жағдайларды анықтау. Техниканың жұмысқа шығуын бақылау, жауапты персоналды жеткізу, диспетчер мен Тапсырыс берушіге ақпарат беру, сондай-ақ өтініштер мен тапсырмаларға жедел ден қою үшін қолданылады. 7. Қызметтердің сапасына қойылатын талаптар Орындалған операциялардың күнделікті есебі жүргізілуі тиіс. Есепте жұмыс орны, күні, жұмыс түрі, көлемі, пайдаланылған техника және растаушы фото/бейнематериалдар көрсетіледі. Сатып алу талаптарына сәйкес келетін саны мен сипаттамалары бар материалдықтехникалық ресурстар тізілімінде көрсетілген техника мен персоналды пайдалану қамтамасыз етілуі тиіс. Жолдардың пайдалану жай-күйі ҚР СТ 1912-2009 талаптарына сәйкес болуы тиіс. Жұмыстар уақтылы және ауысымдар арасында үзіліссіз орындалуы тиіс. Жол қозғалысы қауіпсіздігіне қатер төндіруге жол берілмейді. Автомобиль жолдары мен жүріс бөлігін тиісінше күтіп ұстамау, ескерту жол белгілерін, қоршауларды және сигналдық құралдарды уақтылы орнатпау немесе олардың болмауы, сондай-ақ жол жабынында шұңқырлардың, ойықтардың, мұздың, қар үйінділерінің және басқа да ақаулардың болуы салдарынан жол-көлік оқиғасы (ЖКО) орын алған жағдайда, келтірілген залал үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мердігер жауапты болады. 8. Материалдық-техникалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар Екі ауысымда жұмыс істеу үшін жеткілікті мөлшерде техниканың болуы. Мердігер Абай қаласының және осы техникалық ерекшелікте көрсетілген елді мекендердің автомобиль жолдарын (көшелерді, тұйық көшелерді), техникалық тротуарларды, аялдама және автотұрақ қалталарын, кіреберістерді, жол жиектерін, су бұру құрылыстарын және көше-жол желісінің басқа да элементтерін жарамды мамандандырылған техниканы, жабдықтарды және қол еңбегін пайдалана отырып күтіп-ұстау жұмыстарын қамтамасыз етуге міндетті. Жұмыстар маусымдық жағдайларға, Тапсырыс берушінің тапсырмаларына, жол қозғалысы қауіпсіздігінің талаптарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құжаттарына сәйкес орындалады. Персоналды жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз ету. Қар тиегіштерге қызмет көрсететін жұмысшылар арнайы жарық шағылыстырғыш кеудешелер киюі тиіс. Тазалау кезінде қар тиегіштердің бос тұрып қалуына жол берілмейді. Қарды белгіленген тәртіппен келісілмеген орындарға шығаруға жол берілмейді. Әр ауысымға жауапты кезекші тұлғаны тағайындау. Қоршаған ортаны қорғау талаптарының мердігер тарапынан сақталуын қамтамасыз ету. Жұмысшыларды ластануларды және |

| | |
|---|---|
| | тазалау нәтижелерін бейнетүсірілімге түсіруге арналған жабдықтармен қамтамасыз ету. 9. Қорытынды ережелер Мердігер ауысымдық режимге және ауа райы жағдайларына қарамастан, шарттың бүкіл қолданылу мерзімі ішінде автомобиль жолдарын тиісінше күтіп-ұстауға жауапты болады. Диспетчердің тәулік бойы кезекшілігі қамтамасыз етілуі тиіс. Құжаттарға қол қойылғаннан кейін өнім беруші кезекші диспетчердің орналасқан мекенжайын және байланыс телефондарын Тапсырыс берушіге хабарлауға міндетті. Абай қаласының жолдарындағы жағдайға күнделікті мониторинг жүргізілуі тиіс. Тапсырыс берушінің ескертулері мен нұсқауларына жедел ден қою қамтамасыз етіледі. Жаяу жүргіншілер өткелдерін, аялдама павильондарын, автомобиль жолдарының бордюр маңындағы бөлігін және техникалық тротуарларды қолмен тазалау және жинау үшін жұмысшылардың болуы қамтамасыз етілуі тиіс. Автомобиль жолдарын бекітілген кестеге сәйкес уақтылы тазалау қажет. |
| **Әлеуетті өнім беруші оны жеңімпаз деп айқындаған және онымен мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасқан жағдайда (қажет болған жағдайда көрсетіледі) (Әлеуетті өнім берушінің көрсетілген мәліметтерді көрсетпегені және ұсынбағаны үшін бас тартуына жол берілмейді)** | Жұмыстардың орындалуына жеткізуші жауапты болады. Жұмысты бастар алдында жеткізуші жүргізілетін жұмыс учаскесінен 15 метр радиуста таспалы немесе өзге қоршауды, сондай-ақ ҚР СТ 2607-2015 сәйкес жол белгілерін орнатуды жол жұмыстарын жүргізу орындарында қозғалысты ұйымдастырудың техникалық құралдарын қояды. Орындаушы Тапсырыс берушіге жұмыстарды орындау тәртібі мен мерзімдері баяндалған жұмыстарды жүргізу кестесін бекітуге ұсынады. |

Приложение 15
к конкурсной документации

# Техническая спецификация
# закупаемых работ, не связанных со строительно-монтажными работами
# (заполняется заказчиком)

| | |
|---|---|
| **Наименование заказчика** | Государственное учреждение "Аппарат акима города Абай Карагандинской области" |
| **Наименование организатора** | Государственное учреждение "Отдел экономики и финансов Абайского района" |
| **№ конкурса:** | № 17932458-1 |
| **Наименование конкурса:** | Работы по содержанию автомобильных дорог по городу Абай и отделений Вольный, Кзыл, Новый Караган |
| **Номер лота:** | № 88563055-ОК1 |
| **Наименование лота:** | Работы по содержанию автомобильных дорог |
| **Наименование кода Единого номенклатурного справочника товаров, работ, услуг:** | 421120.200.000000 |
| **Наименование работы:** | Работы по содержанию автомобильных дорог |
| **Единица измерения:** | Работа |
| **Количество (объем):** | 1 |
| **Цена за единицу, без учета налога на добавленную стоимость:** | 350277587 |
